

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/61 шешіміне өзгеріс және толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 24 қазандағы № 20/104 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қарашада № 4372 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 12 наурыздағы № 46/290 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 12.03.2020 № 46/290 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 72682 болып тіркелген) Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/61 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4136 болып тіркелген, 2017 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген

санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларының 33 тармағы мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) бас бостандығынан айыру түрінде сот белгілеген қылмыстық жазасын өтеу уақытына.";

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 2-қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

сессия төрағасы

Д.Қалиев

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

Хатшысы

А.Бектасова

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан

облысының әкімі

Қ.Ақсақалов

2017 жылғы

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
2017 жылғы 24 қазандағы
№ 20/104 шешіміне қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданының әлеуметтік
көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін
белгілеудің және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының тізбесін
айқындаудың қағидаларына
2-қосымша

Алушылар санатының тізбесі, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері, табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде, әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері

р/ б №	Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алушылар санаты	Әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері	Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдері
1	Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен немесе мүліктік залал тартқан азаматтар (отбасылар)	57 есептік көрсеткішке дейін	Өмірлік қиын жағдай туындаған күннен 6 айдан кешіктірмей

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК